



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

качественных характеристик и потребностей получателей информации;

- установление регулярных контактов между потребителями информации путем проведения встреч, бесед, обсуждений, совещаний;

- обеспечение эффективной системы обратной связи;

- внедрение систем сбора предложений посредством анонимной почты, телефонной связи, обсуждения решений в рабочих группах, информационных бюллетеней, публикаций, видеозаписей и др.;

- внедрение электронных средств связи и телекоммуникаций;

- совершенствование системы стимулирования труда персонала;

- повышение качественного уровня менеджмента;

- формирование здоровой деловой среды в организации.

Устранение коммуникативных барьеров позволяет формировать продуктивные организационные коммуникации, способствующие достижению целей организации

Организационные коммуникации сегодня превратились в важнейший ресурс социально-экономического, технического, технологического развития любой организации, они являются как бы катализатором научно-технического прогресса.

Обмен знаниями, информацией является неотъемлемой частью рабочего процесса сотрудников. Люди делятся информацией все время – в вестибюле, по телефону, через электронную почту, и как правило этот процесс не упорядочен. Поэтому повышение качества и скорости этого процесса является первейшей целью, которую должна ставить перед собой любая организация, если она хочет быть конкурентоспособной.

Ценность информации повышается, когда она является достоверной, предоставлена в нужный момент и в полном объеме. И этому немало способствует совершенствование каналов обмена информацией. Применение различных информационных технологий позволяет систематически накапливать знания и структурировать их так, чтобы люди получали нужные данные в нужный момент и не отвлекались на несвоевременную информацию или устаревшие данные.

#### **Список использованных источников:**

1. Иванова Т.Ю. Теория организации: Учебник. – М.: КНОРУС, 2016. – 384 с.
2. Андреев В.И. Саморазвитие менеджера / В.И. Андреев. - М.: Дело, 2015. – 200 с
3. Блэйк Р.Р., Мутон Д.С. Научные методы управления / Р.Р., Блэйк, Д.С. Мутон [пер. с англ. И. Ющенко]. – Киев: Высшая школа, 2016. – 210 с
4. Минцберг, Генри. Менеджмент: природа и структура организаций глазами гуру / Генри Минцберг; пер. с англ. О.И.Медведь. - М. : ЭКСМО, 2015. - 463 с

ӘОЖ 351/354

### **МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**Сұлтанбек Асылзат Әбілашқызы**

*asilzat\_sultanbek@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Экономика факультеті, Менеджмент кафедрасы, 3- курс,  
Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Смагулова А.М.

Соңғы жылдары қоғамдағы әртүрлі салаларда мемлекеттік- жекеменшік әріптестік аясында жобаланып, салынған, пайдалануға берілген нысандардың қатары арта бастады. Екі тарапқа да тиімді деп танылған әріптестік мемлекет пен бизнестің бірлесе әрекет етуіне жол ашты.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық деп айтуға болады. Бұрынғы кездерден бастап мемлекет пен бизнесті құқықтарының тең еместігі жайлы көптеген ғалымдар айтқан болатын. Алайда, XX ғасырда мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара тиімді ынтымақтастығы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке айнала бастады.

Мемлекеттік- жекеменшік әріптестік деп- өзара тиімді шарттарға сүйене отырып, қоғамдық маңызы бар мәселені шешуге мемлекет пен жеке сектордың белгілі бір мерзімді қарым-қатынасын айтамыз.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің басты мақсаты - мемлекет пен бизнестің ресурстары мен тәжірибесін біріктіру, әлеуметтік маңызы бар жобаларды аз шығындармен және тәуекелдермен іске асыру арқылы шаруашылық субъектілеріне жоғары сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету арқылы инфрақұрылымды дамыту. Жалпы алғанда, бұл ынтымақтастық мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді қарым-қатынас жүйесі болып табылады, ол жеке сектордың мемлекет атынан әлеуметтік және мемлекеттік маңызы бар мәселелерді, атап айтсақ, объектіні жобалау, қаржыландыру, салу, реконструкциялау, оңалту, пайдалану немесе күтіп ұстауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік - жекеменшік әріптестік бұл- бүгінгі таңда автокөлік жолдары құрылысын, бала бақшалар мен мектептер құрылысын салуға, ауруханалар мен тұрғын үй коммуналды шаруашылық инфрақұрылымдарын жаңалау жобаларын іске асыруға өте тиімді шешім.

МЖӘ-нің негізгі қағидаттары болып төмендегілерді жатқыза аламыз:

- еркіндік пен теңдік;
- Келісімшарттың тұрақтылығы (оны өзгерту және бейімдеу мүмкіндігі);
- Қызмет көрсетудің үздіксіздігі;
- Конкурс;
- Ашықтық және кері байланыс;
- Кепілдіктер;
- Сыйақы.

Алыстағы аудандар мен шалғайдағы ауылдарда халыққа сапалы қызмет көрсету, жұмыс орындарын ашу, балабақша мен мектеп салу сынды әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға бюджеттің мүмкіндігі болмаса, бизнес өкілдері бұл іске атсалыса алады. Қолданыстағы заңға сәйкес, мемлекеттік- жекеменшік әріптестікте жергілікті әкімдіктер оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, шағын жобаларды іске қосуға мүмкіндік алды. Яғни, сараптама саны азайып, жобаның құжаттары үлгілік формаларға негізделіп дайындалатындықтан, уақыт да едәуір қысқарады. Осылайша, әріптестікке негізделген ауқымы үлкен емес, көп қаражатты қажет етпейтін жергілікті шағын жобаларды жергілікті билік пен кәсіпкер бірлесе жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын ұйымдастыруды дамыту мақсатында 2015 жылы 31 қазанда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік- жекеменшік әріптестік туралы» Заңы қабылданған болатын.

«Мемлекеттік- жекеменшік әріптестік туралы» заң жобасы Мемлекет басшысының 2020 жылға дейінгі жаңа бюджеттік саясат концепциясы шеңберіндегі тапсырмасын және «100 қадам» Ұлт жоспарының 34-қадамын іске асыру үшін әзірленген. Жаңа заң көрсетілетін қызметтер сапасын және қолжетімділік деңгейін арттыру үшін ресурстарды біріктіруге, яғни мемлекет пен жеке сектор арасында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік пен жеке сектор аталмыш заңмен және ірі инфрақұрылымдық жобаларды қамтитын «Концессия туралы» заңмен реттеледі.

Қабылданған заң аясында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті қолдану (экономиканың барлық салалары) салалары бойынша шектеулер алынып тасталып, келісім-шарттардың

жаңа түрлері енгізілді және қатысушылардың аясы кеңейді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік - әлеуметтік инфрақұрылым мен нысандарды қаржыландыру, құрылыс, қалпына келтіру, қайта құру және пайдалануға негізделген мемлекет пен кәсіпкер арасындағы ынтымақтастық. Елімізде бұл ынтымақтастық түрі дайындық, енгізу және жетілдіру кезеңі бойынша дамып келеді. Жаңа заң нормаларын қолдану үшін заң ішілік актілер пакеті жасақталды. Мемлекет пен жеке кәсіпкер арасындағы серіктестік ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту, шағын және орта бизнесті дамыту, ұзақ мерзімді келісім-шарттардың көп түрлі болуына, мемлекеттік бюджет жүктемесін қысқартуға мүмкіндік береді.

Сарапшылар елімізде мемлекеттік- жекеменшік әріптестік аясында жасалған жобаларға тұрақты мониторинг жасайды. Соңғы мәліметтер бойынша жергілікті және республикалық деңгейдегі жүзеге асыру жоспарланған 270 жоба ұсыныс әзірлеу, сараптамадан өту, дайындалу үстінде. Әріптестіктің концессиялық тетігі бойынша 4 жоба жасалды. Атап айтсақ, Ақтау қаласындағы халықаралық әуежайдағы жолаушылар терминалы, Солтүстік Қазақстан- Ақтөбе облысының арасында электр желісінің және «Шар- Өскемен» теміржол желісінің құрылысы және Семей, Өскемен қалаларында балабақша салынды.

Концессиялық жобалардың тиімділігі мен кең қолданылуын арттыру мақсатында концессиялар туралы заңға қосымша концептуалды өзгерістер енгізілген болатын. Жалпы, концессия деп – концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызметті айтамыз. Ал, концессионер деп – концессия шартын жасасқан, оның ішінде өз қызметін бірлескен қызмет (жай серіктестік) туралы шарт негізінде жүзеге асыратын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға және мемлекеттік мекемелерді және дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, заңды тұлға.

Сонымен қатар, инвесторлар үшін Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тартымдылығын жоғарылату үшін әлемдік тәжірибеде кең тараған Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыруды қолдау механихмі – Қолжетімділік үшін төлемақы жүйесі енгізілді. Бұл механизм көбінесе әдеуметтік маңызы бар жобаларды немесе трафик деңгейі аз аз автожолдардың құрылысы сияқты қайтарымдылығы аз жобаларды қамтиды.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заң бойынша сервистік келісім-шарт мемлекеттік денсаулық сақтау нысандарын зертханалық талдау, тамақ өнімдерін жеткізу сияқты қызмет түрлерімен қамтамасыз ету үшін қолданылады. Олар жеке әріптестің салыстырмалы артықшылықтарын пайдалануға бағытталған. Сервистік байланыс білім беру саласында ақпараттық жүйелермен жұмыс үшін, байланыс, мәжіліс залдарын, оқу сыныптарын жарықтандыруда пайдаланылады.

Мемлекеттік- жекеменшік әріптестік шеңберінде өңірлерде шағын жобаларды жүзеге асыруға да мүмкіндіктер қарастырылған. Еліміздің экономикалық жағдайын жақсартуда шағын және орта бизнес маңызды рөл атқарады. Сондықтан да қолынан іс келетін кәсіпкерлерді қолдау, жобаларын жүзеге асыру мемлекет назарынан тыс қалмауы тиіс. Кәсіпкерлікті көркейту, көкжиегін кеңейту «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында іске асатын болса, 2016 жылдың мамыр айында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Қазақстандық мемлекеттік- жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ арасында меморандумға қол қойылып, отандық кәсіпкерліктің белсенділігін арттыру бағытында үлкен бастама жасалды. Құнды құжат әртүрлі салаларға инвестиция тартып, инвесторларды жол, емхана, мектеп және өзге нысандарды салуға, сондай-ақ қайта құру және техникалық қызмет көрсетуге ынталандыруға бағытталған. Отандық және шет елдік тәжірибеге сүйенсек, бұрын мемлекеттік- жекеменшік әріптестік жобаларына ірі бизнес субъектілері қатысатын болса, соңғы жылдары шағын және орта буындағы кәсіпкерлердің қызығушылығы артқан.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР-ның «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы «Мәңгілік ел» ресми порталы <https://strategy2050.kz/page/gosprog3>
2. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылдың 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ, 19-20 баптар
3. «Концессия туралы» [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000167\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000167_)
4. Варнавский В.Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты. Риски – М. : Наука.2009. - 178 с.

УДК 33.338.012

## ҚАЗАҚСТАНДА ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Тарғынова Қызғалдақ Мұхтарқызы

[k.targynova@mail.ru](mailto:k.targynova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.С. Тлеубердиева

Өнеркәсіп-қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың басым бөлігі жасалатын материалдық өндіріс саласы. Халық шаруашылығы мен халықтың жоғары сапалы өнімге деген қажеттілігінің қанағаттандырылуы деңгейі, техникамен қайта жаратандырылуы деңгейі, техникамен қайта жаратандырылуы, халық шаруашылығының барлық салалары өндірістің қарқынды дамытылуы, мемлекеттің қорғаныс қабілеті өнеркәсіптің дамуына қол жеткізген табыстарға байланысты. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі мемлекеттің экономикалық дамуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері 28 жыл ішінде әр түрлі салалардан жаһандық жетістіктерге жеткеніміз белгілі. 1991 жылғы Қазақстан мен қазіргі тәуелсіз Қазақстанды салыстыруға да келмейді. Алайда шынайы экономист ретінде еліміздің қазіргі экономикалық жағын жақсы деуге келмейді. Елдегі табиғи ресурстармен қорларын, жер қойнауындағы қазба байлықтарын ескерер болсақ, мемлекеттің экономикасы әлжуаз болуы күлкілі жағдай. Бірақ шындық осы. Негізгі экономикалық проблема ол- өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің болмауы, елдің өнеркәсібінің нашар дамуы, бәсекеге қабілетті болмауы.

Қазіргі Қазақстанның бірінші мәселесі өндіруші күштердің, ең алдымен индустриалды күштердің деградациясы деп санаймын. Өнеркәсіп жаңа капиталистік қатынастардың елімізге енуін ең алдымен сезінгендердің бірі болды, оның ішінде технологиялық және кешенді салалардың: машина жасау, химия және мұнай-химия салаларының, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп саларын атай аламыз. КСРО құрамында Қазақстан сәтті модернизациядан өтті. Республика химия өнеркәсібі, машиналар мен жабдықтар, синтетикалық резеңке, тоқыма және басқа да көптеген өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін өндірді.

Тек 1981 жылдан 1986 жылға дейін Қазақстанда 400-ден астам кәсіпорын салынды. Коксхимиялық, мұнай және газ, тау-кен, геологиялық барлау, гидротехникалық және соғу техникасы, сорғылар, тракторлар, экскаваторлар және т.б. өндіретін машина жасау зауыттары Алматы, Өскемен, Қарағанды, Орал, Петропавл, Павлодар қалаларында жұмыс жасады. Бүгінгі таңда кеңестік дәуірдегі машина жасау және металл өңдеу секторына тиесілі 2000 кәсіпорынның 100-ден астамы ғана қалды, нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі машина жасау үлесі 1990 жылы 16% -дан бүгінгі күнге дейін 3% -ға азайды. Қазіргі уақытта бұл өнімдердің көпшілігі шетелден сатып алынады.

1990 жылға дейін, Қазақстанда шамамен 20 ірі химиялық және мұнай-химия өнеркәсібі (Ақтау пластикалық массалар зауыты, Атырау зауыты «Полипропилен», химиялық талшық зауыты Қостанай, резеңке өнімдерін өндіру үшін Шымкент шина зауыты, Қарағанды кәсіпорын) болды. Бүгін пластикалық құбырлар шығаратын, құрылыс